

Республика және өңір экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 сәуірдегі N 467 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 23 тамыздағы
№ 673 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2025 № 673 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне сәйкес,
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республика және өңір экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 26 сәуірдегі
N 467 қаулысымен
бекітілген

Республика және өңір экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Республика және өңір экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу ережесі Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес әзірленді және жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілген, сондай-ақ жеке меншіктегі Республика және өңір экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар су шаруашылығы құрылыстарын (бұдан әрі - су шаруашылығы құрылыстары) уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу тәртібін белгілейді.

2. Республика және өңір экономикасы үшін маңызды стратегиялық мәні бар су шаруашылығы құрылыстарына республика немесе өңір халқы мен экономикасының тіршілігін қамтамасыз етуге басым ықпал ететін су шаруашылығы құрылыстары жатады.

3. Ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда және су шаруашылығы құрылыстарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында уақытша мемлекеттік басқару енгізіледі.

2. Су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу тәртібі

4. Су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқару жалгер, сенімгерлік басқарушы немесе меншік иесі өз күштерімен және құралдарымен ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнген қауіпті (бұдан әрі - қауіп) болдырмауға және жоюға мүмкіндігі болмаған кезде енгізіледі.

5. Су шаруашылығы құрылыстарында ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туындаған кезде, облыстық жергілікті атқарушы орган (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бір жұмыс күні ішінде, мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен комиссия құрады, ол су шаруашылығы құрылыстарын тексеруді жүргізеді. Тексерудің нәтижесі бойынша комиссия су шаруашылығы құрылыстарының тексеру актісін жасайды және қорытынды шығарады.

Комиссия қорытындысының негізінде облыстық жергілікті атқарушы орган (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бес жұмыс күні ішінде, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға су шаруашылығы құрылыстарына уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу жөнінде мәселеге бастамашылық туралы ұсыныс пен тиісті материалдарды енгізеді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

6. Материалдарда мыналар көрсетіледі:

- су шаруашылығы құрылысына меншік құқығы;
- су шаруашылығы құрылысын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның атауы;
- су объектісі мен су шаруашылығы құрылысының орналасу схемасы;
- су шаруашылығы құрылыстарын тексерудің актісімен бірге комиссияның қорытындысы;
- зардаптардың болжамы мен ықтимал нұқсаны;
- уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу қажеттілігіне негіздеме.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

7. Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, үш жұмыс күні ішінде жалгердің, сенімгерлік басқарушының немесе меншік иесінің қатысуымен облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органның

ұсыныстарын қарайды және су шаруашылығы құрылыстарында уақытша мемлекеттік басқаруды енгізу қажеттілігі туралы келісілген қорытындыны мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға енгізеді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы бойынша енгізеді.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқару су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органға жүктеледі және Үкіметтің шешімі күшіне енген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі әрі су шаруашылығы құрылысының қалыпты жұмыс істеуі қалпына келтірілгенге дейінгі мерзімге белгіленеді.

10. Су шаруашылығы құрылыстарын уақытша мемлекеттік басқаруды су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган тағайындайтын уақытша басқарушы жүзеге асырады.

11. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне туындаған қатерді жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көздері мен көлемі туралы ұсыныс енгізеді.

12. Уақытша басқарушы:

жалгерлік, сенімгерлік басқарушымен немесе меншік иесімен бірлесіп туындаған қауіпті жою жөніндегі қажетті жұмыстар көлемін белгілейді;

жүргізілетін жұмыстарды қаржыландыру көлемін көрсете отырып, туындаған қауіпті жою жөніндегі іс-шара жоспары мен жұмыстар кестесін жасайды және оларды су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның бекітуіне ұсынады;

жалгермен, сенімгерлік басқарушымен немесе меншік иесімен бірлесіп бекітілген туындаған қауіпті жою жөніндегі іс-шаралар жоспары мен жұмыстар кестесінің орындалуын қамтамасыз етеді;

мүдделі мемлекеттік органдардан, жалгерден, сенімгерлік басқарушыдан немесе меншік иесінен жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті мәліметтерді алады;

белгіленген тәртіппен туындаған қауіпті жоюға бөлінген мемлекеттік қаражатқа билік етеді;

жалгердің, сенімгерлік басқарушының немесе меншік иесінің қызметкерлері мен мамандарын туындаған қауіпті жою жөніндегі іс-шараларды орындауға тартады.

13. Уақытша басқарушы уақытша мемлекеттік басқаруды енгізуге әкеп соққан себептерді жою жөніндегі жұмыстар орындағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстар туралы есеп жасайды және оны су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға енгізеді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

14. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде белгілеген тәртіппен қабылдау актісі бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау үшін мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінен комиссия құрады және он жұмыс күні ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне уақытша мемлекеттік басқаруды тоқтату туралы Үкімет шешімінің жобасын енгізеді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің су шаруашылығы құрылыстарына уақытша мемлекеттік басқаруды тоқтату туралы шешімі күшіне енгеннен кейін уақытша басқарушы оларды қабылдап алу-беру акті бойынша жалгерге, сенімгерлік басқарушыға немесе меншік иесіне береді.

16. Су шаруашылығы құрылысын уақытша мемлекеттік басқаруды туындатқан себептерді жоюға байланысты шығындарды мемлекетке Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен қауіп туындатуға кінәлі жалгер, сенімгершілік басқарушы немесе меншік иесі өтейді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.